



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ФАКУЛЬТЕТІНДЕ КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ МАЗМҰНДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Меңғалиев Данияр Маратұлы

mengaliev.dm@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Информатика кафедрасының магистранты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші – Д.С. Байғожанова

Бүгінгі таңда қоғам алдына қойылған негізгі міндеттердің бірі жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазіргі жаңа кезеңдерде ғылымдар жүйесінде, кәсіби өзіндік анықталу мәселесін зерттеу өзектілігі қоғам талаптарына орай еңбек сипаты мен мазмұнының аумақты, жылдам өзгеруіне байланысты кәсіби бағдар мен мамандық таңдауға психологиялық дайындықты қалыптастырудың теориялық және әдіснамалық өңдеулерін жүзеге асыру мәнді сұрақтардың бірі. Кәсіби бағдарлану мен кәсіби анықталу, соған байланысты іс-әрекетті саналы өзіндік реттеу мәселелерінде дәстүрлі және диагностикалық зерттеуді қолдану, психологиялық, педагогикалық, практикалық кеңес беруді, мамандыққа дайындауды, еңбек субъектісі ретінде болашаққа бағыт-бағдар беруді кеңінен қолдануды күшейтіп негіздейді [1].

Қазіргі қоғамда жоғарғы сынып оқушыларының кәсіби іс-әрекет пен мамандық таңдауға саналы дайындығының ішкі субъективті факторын зерттеу қажеттілігі психология ғылымы үшін әрқашан маңызды болып табылады [2].

Зерттеу мәселесінің қойылуы. Бүгінгі күні нарықтық заманда жоғары оқу орындарында (ЖОО) кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру әдістерін жан-жақты жетілдіре түсу заман талабына сай күннен – күнге өзекті мәселелерге айналуға. Бұлай деуімізге себеп, еліміздегі әрбір жоғары оқу орындары кәсіби бағдар беру жұмыстарын қаншалықты дұрыс жүргізуді жүзеге асыратын болса, онда олардың білім сапасын бағалау бойынша имиджі соғұрлым жақсы болмақ. Өйткені, кез-келген жоғары оқу орындары өздеріне болашақ талапкерлерді жинау арқылы өздерінің әл-ауқатын арттырып, болмысын жетілдіре түседі.

Ақпараттық технологиялар факультетінде кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастырудың мазмұндық құрылымына келер болсақ, факультетке қатысты бес кафедра бар. Атап айтар болсақ:

- Информатика
- Есептеу техникасы
- Жүелік талдау және басқару
- Ақпараттық жүйелер
- Информатика және ақпараттық қауіпсіздік

Жоғарыда аталған кафедраларда жыл сайын кәсіби бағдар жұмыстары жоғары деңгейде жүргізіледі. Ол кафедраларда алдымен кәсіби бағдар беру жұмыстарына жауапты тұлғалар деканат тарапынан бекітіліп тағайындалады. Содан соң әрбір кафедраға жауапты тұлғалар, атап айтсақ: мысалы информатика кафедрасында Байғожанова Дәметкен Сағидуллақызы, алдымен, факультеттің кәсіби бағдар беру жұмыстары бойынша жасалған жоспары негізінде кафедраның "*кәсіби бағдар*" беру жұмыстарына арналған *жоспарын құрады* және ол деканат тарапынан *бекітіледі (1 - сурет)*.

Жоспар бойынша әрбір кафедраның профессорлық-оқытушылар құрамына Астана қаласының мектептері бөлініп беріледі де оған баратын профессорлық-оқытушылардың тізімі жасалады.

«БЕКІТІМНІ»
ІІХБҚ РҮК «Л.Н.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті»
Ақпараттық технологиялар
факультетінің деканы Ж.С. Нұрбекова
« 27 » _____ 2016 ж.

**Информатика кафедрасының
2016-2017 оқу жылына арналған кәсіптік бағдар бойынша
ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ**

№	Шаралардың атауы	Өткізілу мерзімі	Жауынтылар	Есептік құжат
1	Кәсіби бағдар жұмысының жоспарын жасап, бекіту	Қыркүйек-тамыз 2016 ж.	Өлжанов А.К., Байгожанова Д.С.	Жұмыс жоспары
2	Кафедра бойынша бакалавриат мамандықтарына арналған буклеттер дайындау (2017 жылға)	Қазан-қараша 2016 ж.	Байгожанова Д.С.	Буклеттер
3	Астана қаласының мектеп бітірушілеріне факультеттегі мамандықтар туралы мағлұмат беру мақсатында мектептерде кездесулер өткізу. Ақпараттық буклеттерді тарақту.	Жыл бойы	Байгожанова Д.С., кафедраның профессор-оқытушылар құрамы	Есеп, фото, мектеп анықтамасы
4	«Еуразия университеті» газетіне факультеттің мамандықтары туралы мақалалар жариялау	Наурыз-сәуір 2017	Өлжанов А.К., Байгожанова Д.С., кафедра оқытушылары	«Еуразия университеті» газеті, мақала
5	«Таланкер-2017», «Абитуриент-2017» тақтасына факультет туралы мәліметтер, буклет дайындау	Сәуір-мамыр 2017 ж.	Өлжанов А.К., Байгожанова Д.С., кафедра оқытушылары	Кафедра бойынша стендке ақпарат
6	«Алтын белгі» төсбелгісіне ұсынылғандарға, жалпыаралық және республикалық жобалар мен олимпиада жеңімпаздарына және т.б. мектеп оқушыларына кәсіби бағдар жұмыстарын жүргізу	Жыл бойы	Байгожанова Д.С., кафедраның профессорлық оқытушылар құрамы	Ақпараттар
7	Факультеттің «Ашық есік апталығы» атты іс-шараны ұйымдастыруға ат салысу. №82 «Дарын» мамандандырылған лицейіне « <i>Ақпараттық технологиялар</i> » мамандығы бойынша <i>«Ақпараттық технологиялар»</i> факультетінің профессоры	Наурыз-сәуір 2017 ж.	Өлжанов А.К., Байгожанова Д.С., 2-курс магистрант Мейіргалин Д.К., кафедраның профессорлық оқытушылары	Орындалған жұмыс туралы ақпарат (есептік құжатта)

ФЕУУ 701-01-13. Кәсіби бағдар жұмысы бойынша факультеттің жұмыс жоспары. Төртінші басылым

1 - сурет. "Кәсіби бағдар" беру жұмыстарына арналған жоспар

Әрбір оқытушы өздеріне бекітілген мекептерге барып кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізеді. Бұл мерзімде олар орта мектептердің жоғары сынып оқушыларына факультет және кафедра жетістіктері көрсетілген буклеттер мен жалпы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетіміз жөнінде Бейнебаян түрінде дайындалған ақпараттарды көрсетеді және оларға тарқатады (2-сурет).



2-сурет. Жарнамалық құжаттар (буклеттер).

«Кәсіби бағдар» беру жұмыстарын жүргізуге барған әрбір оқытушы жоғары сынып оқушыларына бакалавриатқа оқуға түсуге шақыратын болса, ал, сол мектептерде сабақ беріп жүрген жас мамандарды, яғни жас мұғалімдерді қалаған мамандықтары бойынша магистратураға түсуге үгіт насихат жұмыстарын жүргізеді. Сонымен қатар, әрбір оқытушы сол мектептің бітіруші түлектері жөнінде дайындалған анықтамалық құжаттарға байланысты мағлұматтарды өздерімен ала келеді (3-сурет). Атап айтсақ:

Анықтама мертептерден келесі маңызды мағлұматтарды қамтиды:

- Жалпы оқушылар саны

- "Қызыл дипломға" ұсынылған бітірушілер саны
- "Алтын белгі" алуға ұсынылған бітірушілер саны
- "Пәндік олимпиада" жеңімпаздары
- Республикалық "пәндік олимпиада" ға
- "Ғылыми жобалар" жеңімпаздары
- "Физика" пәнін таңдаған бітірушілер саны



3-сурет. Анықтамалық құжат көрінісі.

Осы зерттеу жұмысын зерттеу барысында, біз өткен жылы, яғни 2016-жылдың 7-сәуір күні Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-дың 20 жылдығына орай, ақпараттық технологиялар факультеті, информатика кафедрасының доценті, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі *Байғожанова Дәметкен Сағидуллақызы* және Астана қаласы, Білім басқармасының информатика пәні бойынша әдіскері *Қожахмет Анар Қайырбекқызының* ұйымдастыруымен - Ж. Жабаев атындағы №4 мектеп-гимназиясында «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті – жас ғалымдар дайындаудың *Көшбасшысы*» - тақырыбында заманауи технологиялар арқылы «Онлайн» режимінде «Кәсіби бағдар» жұмысы жүргізілді. Аталған іс-шара информатика кафедрасының кафедра меңгерушісі *Әлжанов Айтұған Қайыржанұлы* мен Астана қаласы, Білім басқармасының басшысы *Сухамбердиева Эльмира Амангелдіқызының* қолдауымен жүзеге асырылды.

«Онлайн» режимінде «Кәсіби бағдар» жұмысын жоғары деңгейде жүргізуге - информатика кафедрасының профессоры *Балабекова Жұпар Қыдырқызы*, оқытушысы *Зарина Алмабекқызы* және 1-курс магистранты мен ат салыстым.

Жұпар Қыдырқызы – екі жақты байланысты ақпараттық технологиялар факультеті мен жалпы университетіміз жөнінде көптеген ақпараттар беруден бастады. Атап айтсақ: университетімізде қанша факультет бар, онда қандай мамандықтар бойынша мамандар даярланады, бакалавриат, магистратура және докторантураға талапкерлер жоғары бағамен ғана грант иегерлері бола алатындығын, магистратура мен докторантураға биылдан бастап ақылы түрде де оқуға түсуге мүмкіндіктер берілгендігі жөнінде ақпараттар берді.

Дәметкен Сағидуллақызы – университетте жүйелі оқытудың жүзеге асырылу амалдарын, екі айдан соң ҰБТ тапсыруда қандай талаптарды ерекше ескеретін жағдайларға, Алтын белгімен бітірген оқу озаттарына қандай жеңілдіктер бар екендігіне және «Академиялық ұтқырлық» аясында білімгерлердің осы Астана қаласында ЕҰУ–де жүріп оқып, шет елдерде 6 ай оқып келулеріне мүмкіндіктерінің бар болатындығы жөніндегі мәселелерге кеңінен тоқталды.

«Кәсіби бағдар» жұмысын жүргізу барысында Анар Қайырбекқызының көмегімен *bilim.astana.kz* сайты арқылы 36 мектеппен (атап айтсақ: №38, №40, №45, №46, №57, №5, №1, №65, №37, №69, №34, №25, №74, №72, №30, №32, №52, №42, №58, №28, №2, №9, №50, №15, №56, №3, №16, №13, №10, №22, №48, №51, №53, №35, №17, №20) байланыс жасалды

(4-сурет).

Екі жақты байланысқа түскен қатысушылар жоғарыда аталған тақырып аясында өз ойларын талқыға салды, аталмыш мектептердің 11 сынып оқушылары мен оқытушылары талайдан бері көкейлерін мазалап жүрген сұрақтарына қанағаттанатын жауаптар алып, қуанып, бізге деген алғыстарын жіберіп жатты.



4-сурет. Төменде көрсетілген тізімдегі кейбір мектептермен байланыс сәтінен көрініс.

Жас маман иесі *Зарина Алмабекқызы* өзінің еңбек жолын – еліміздің үздік жоғары оқу орны, *Киелі шаңырақ* – Еуразия ұлттық университетінде жалғастырып жатқандығына дән риза екендігін, келешекте докторантураны осында жалғастырып, үлкен ғалым деген атаққа ие болғысы келетіндігін айта келіп, байланыста отырған мектеп оқушыларын аталған білім

ордасына келуге шақырды[3].

Келешекте, жүргізілген онлайн режимінде ұйымдастырған «Кәсіби бағдар» жұмысының нәтижесі: университеттің профессорлық оқытушылар құрамы үшін өте тиімді. Өйткені, олар мектептерге баруға уақыттарын жібермейді, сонымен қатар, тек кафедра емес, факультет емес тіпті университет бойынша қаншама ақпараттарды Астана қаласы мектептеріне аз уақытта тарқатуға мүмкіндік алады. Ал, мектептердің оқушылары үшін тіпті тиімді, өйткені, ҰБТ тапсыру үшін әрбір минутын үнемдеп шаршап жүрген оқушылар жарты ақ сағаттың ішінде *Еуразия ұлттық университеті* жөнінде қаншама ақпараттар алады.

Мұндай іс-шараны қолға алу, кеңінен енгізу – кез келген білім беру мекемелеріне өте тиімді болмақ!!!

Зерттеу жұмысының нәтижесі: кәсіби бағдар беру жөніндегі барлық мағлұматтар жинақталып, база құрылады және осы база негізінде университеттің кәсіби бағдар беру бағытындағы жұмыстар автоматтандырылады. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде жүргізілетін кәсіби бағдар жұмыстарының тиімді жақтарын келешекте, жоғары оқу орындарының білім сапасын арттыру мен кәсіпті өз бетінше, саналы түрде таңдай білу мақсатында – еліміздің жоғары оқу орындарына ұсынуға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа кезең-Жаңа экономика» лекциясы.Қ.Р. Президентінің ресми сайты
2. ҚР білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. –Қазан, 2004.
3. Байғожанова Д.С., Ульман М., Байғожанов А.М., Меңғалиев Д.М. Жоғары оқу орындарында кәсіби бағдар беру жұмыстарын ұйымдастыру әдістері. WnioeuropejskieCzasopismoNaukome (East European Scientific Journal), Warszawa, Poland, 2015, № 3, – 11-18 р.

ӘОЖ 371.13:004(574)

ЖҮЙЕЛІК РЕЕСТРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Мошқалов Мейірбек Басқарбекұлы

moshkalov94@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Ақпараттық технологиялар факультеті,

Информатика кафедрасының студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Т. Шындалиев

Реестрде Windows-тың қалыпты жұмыс істеуі үшін мәліметтер сақталады. Оларға қолданушылардың барлық профильдері жатады. Әрбір бағдарламада құрылуы әбден мүмкін бағдарламалық қамтамасыз ету және файлдардың типтері жайлы мәліметтер болады. Папкалардың ақпараттық құрылымы мен бағдарламалардың белгілері, сондай-ақ құрылғылардың құрылуы мен порттардың пайдалануы туралы мәліметтер жатады.

Жүйелік реестр Windows 3.x және MS-DOS (мысалы, Autoexec.bat и Config.sys) та қолданылған мәтіндік ini-файлдардың көпшілігін алмастырады. Windows-тың әртүрлі операциялық жүйелерінде реестрдің белгілі бір нұсқаларында айырмашылықтар бар.

Операциялық жүйені іске қосу барысында реестрге мыңдаған өтініштер жүргізілсе, ал ДК жұмыс уақытында бір сенастың ішінде – 10 мыңға жуық өтініштер жүргізіледі. Реестрдің бөлек бөлшектері жұмыстың барлық сеансы аралығында ДК-ның операциялық жүйесінде сақталады.

Реестрге (Реестрден) ақпаратты жазу (санау) үнемі жүргізіліп отырады: мысалы, егер де біз қандай да бір бағдарламаны орнатсақ, бұл бағдарламаның барлық ақпараты, іске қосылуы мен жұмыс істеуі реестрге жазылады. Егер біз жаңа құрылғыны орнататын болсақ,